КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

КОДЕКС КОРПОРАТИВНОЙ ЭТИКИ И ПОВЕДЕНИЯ СОТРУДНИКОВ МЕДИЦИНСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

Алматы қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№5 Қалалық Клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны үлгісімен

КОДЕКС КОРПОРАТИВНОЙ ЭТИКИ И ПОВЕДЕНИЯ СОТРУДНИКОВ МЕДИЦИНСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ

На примере Государственного коммунального предприятия «Городской Клинической больницы №5» на праве хозяйственного ведения Управления здравоохранения г. Алматы

Авторы: Садыков Б. Н., Большанова М. У.
Редакционная коллегия: Мурзабаева М. Д., Курманалина С. Н.

Алматы қаласы денсаулық сақтау Басқармасының «№5 Қалалық клиникалық аурухана» МКК үлгісіндегі медициналық мекемелер қызметкерлерінің мінез-құлық ұстанымы және корпоративті этика Кодексі.
Тұрғындарға медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатымен пациенттерді қолдау және ішкі аудит Қызметі жобасын іске асыру аясында дайындалды.
Кодексте корпоративті мәдениеттің негізгі ережелері және медицина қызметкерлерінің мінез-құлқына қатысты этикалық нормалар көрсетілген.
Медициналық мекеме қызметінің беделін арттыратын медицина қызметкеріне және Қазақстан Республикасының азаматтары болып есептелетін әрбір қызметкерге қатысты талаптар негізделген.
Әрбір қызметкер өзінің лауазымдық шендік өкілеттігіне қарамастан кодекс талабына сәйкес жұмыс істеуге міндетті.

Кодекс корпоративной этикии поведения сотрудников медицинских организации на примере ГКП «Городская клиническая больница №5» на ПХВ Управления здравоохранения города Алматы подготовлен в рамках реализации проекта Службы поддержки пациентов и внутреннего аудита в целях улучшения качества оказываемых медицинских услуг и обслуживания населения.

В кодексе изложены основные положения корпоративной культуры и этические нормы поведения медицинского персонала. Обоснованы требования, предъявляемые к медицинскому персоналу, повышающие оценку деятельности медицинской организации и в отдельности каждого сотрудника гражданами Республики Казахстан.

Каждый сотрудник обязан работать в соответствии с требованиями кодекса вне зависимости от его должностных полномочий.

Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы

КУӘЛІК

№ 900 3 мамыр 2017 ж.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде авторлардың өтініші бойынша авторлары **Болат Нурмурзаевич Садыков, Майя Утегенкызы Большанова** болып табылатын авторлық құқықпен қорғалатын объектіге айрықша мүліктік құқықтар **«Кодекс корпоративной этики и поведения сотрудников Государственного коммунального предприятия «Городская Клиническая больница №5» на праве хозяйственного ведения» (ғылыми туынды)** атауымен тіркелгені куәландырылады.

Авторлардың өтініші бойынша авторлық құқықпен қорғалатын объектіге айрықша мүліктік құқықтар және **2017 жылғы 12 қаңтарда** жасалған объекті **Б.Н. Садыковқа, М.У. Большановаға** тиесілі және авторлар жоғарыда көрсетілген объектіні жасаған кезде басқа адамдардың зияткерлік меншік құқығы бұзылмағандығына кепілдік береді.

Тізілімде **2017 жылғы 3 мамырда** жасалған № 900 жазба бар.

Министрдің орынбасары **Э. Әзімова**

КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации прав на объект авторского права

№ 900 **3 мая 2017 г.**

Настоящим удостоверяется, что в Министерстве юстиции Республики Казахстан зарегистрированы исключительные имущественные права на объект авторского права под названием **«Кодекс корпоративной этики и поведения сотрудников Государственного коммунального предприятия «Городская Клиническая больница №5» на праве хозяйственного ведения» (произведение науки),** авторами которого по заявлению авторов являются **Садыков Болат Нурмурзаевич, Большанова Майя Утегенкызы.**

По заявлению авторов исключительные имущественные права на объект авторского права, созданный **12 января 2017 года,** принадлежат **Садыкову Б.Н., Большановой М.У.** и авторы гарантируют, что при создании вышеуказанного объекта не были нарушены права интеллектуальной собственности других лиц.

Запись в реестре за № 900 **от 3 мая 2017 года** имеется.

Заместитель министра **Э. Азимова**

СВИДЕТЕЛЬСТВО

ИС 008242

«Саламатты өмір салты және адамдардың өз денсаулығына ортақ жауапкершілік ұстанымы - мемлекеттік саясаттың денсаулық сақтау саласындағы және күнделікті өмірдегі басты мәселесі»

Н. Ә. Назарбаев

БІЗДІҢ ҚАЛАУЫМЫЗ - ДЕНІ САУ ҰЛТ!

Адамгершілік пен қайырымдылық қағидаларын, Бүкіләлемдік Медициналық Ассоциацияның этика жөніндегі құжаттарын, денсаулықты сақтау және медициналық көмек көрсету бойынша азаматтар құқығына қатысты Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа ала отырып, денсаулық сақтау жүйесіндегі медициналық қызметкердің кәсіптік келбетін қалыптастыру;

Медициналық қызметкер мен пациенттің қарым-қатынас ерекшелігін ескеру, бұл қарым-қатынасты құқықтық реттеу механизмдерін медициналық этика нормаларымен толықтыру, әрбір медициналық қызметкердің медициналық қоғам алдында өз іс-әрекеті үшін толыққанды моральдық жауапкершілігін, ал медициналық қауымдастықтың «Медицинадағы барлық игілік - пациент үшін» дәлелсіз ақиқатына сәйкес тұтып, әрбір медицина қызметкері үшін бүкіл қоғам алдындағы жауапкершілігін таныту мақсатын көздейміз.

МЕДИЦИНА МЕКЕМЕСІНІҢ МИССИЯСЫ:

Медициналық мекеме денсаулықты жақсарту және сақтау күзетінде тұр, ол адамдарға өмір сүру қуанышын сыйлайды.

МЕДИЦИНА МЕКЕМЕСІНІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

Жоғары кәсіби біліктілік, адалдық, пациенттер және әріптестермен қарым-қатынас жасауда корпоративтік мәдениетті сақтау - медициналық мекеме қызметкерлерін танытатын айрықша ұстаным.

Құрметті әріптестер!

Алматы қаласы ДБ «№5 Қалалық клиникалық аурухана» МКК-ның корпоративтік этика кодексі - бұл медицина мекемелеріндегі медициналық көмек көрсету қағидасы және негізгі мінез-құлық ұстанымы.

Кодекс медицина мекемелерінде жұмыс істейтін және оның мүддесін Қазақстанда және шет елдерде танытатын барлық тұлғаларға арналған.

Кодекс негізіне медицина мекемелерінің басты парызы-миссиясы және құндылықтары алынған: жоғары кәсіби біліктілік, пациенттер және әріптестермен адамгершілікке негізделген қарым-қатынас жасау, медициналық мекеме Жарғысын, ҚР заңдарын және Үкімет қаулыларының талаптарын, мінез-құлықтың этикалық нормаларын қатаң сақтау, сыбайлас жемқорлыққа және басқа да заңға қайшы әрекеттерге жол бермеу.

Медициналық салада жұмыс істейтін әрбір қызметкердің бойында науқас адамға жаны ашу, мейірімділік, сезімталдық пен елгезектік, қамқорлық және ықыласты пейілмен қызмет көрсету сынды қасиеттер болуы шарт. Сөз сөйлеудің де маңызы айрықша, себебі, ол маманның ішкі мәдениетін ғана танытып қоймайды. Сөзбен де емдеуге, науқастың көңіл-күйін көтеріп, желеп-жебеуге болады.

Аңдаусыз айтылған сөз адам жанын жаралауы ықтимал. Дәрігер ұстанымы пациент мүддесіне негізделуі, науқас пайдасына бағытталуы керек. Адамға көмек көрсету мен қолдау – кәсіби дәрігерлік этиканың негізгі тұғыры болып есептеледі.

Адамдарды жақсы көру мен кәсіби қызметтің нәтижелі болуында тікелей байланыс бар. Медициналық мамандық бойынша қазіргі кезеңде алдыңызда отырған адамды сыйлау және оны ерекше ықыласпен тыңдау сияқты жалпы адамзаттық қарым-қатынас қағидасының маңызы артып келеді.

Науқас адамды күту - онымен белгіленген түрдегі тәртіп ұстанымын сақтауды, пациентке барынша мол ықылас бөлуді, оны тыныштандыруды, күн тәртібін сақтау, дәріні тұрақты қабылдау қажеттігін дәлелсіз түсіндіруді талап етеді және науқастың жалпы жағдайының жақсаруына немесе толық сауығуына сенім ұялатады.

Мен үшін, №5 Қалалық клиникалық аурухананың Бас дәрігері ретінде, сондай-ақ, аурухананың әрбір қызметкері үшін қабылданған Кодекс - клиника келбетін танытатын, оның мұнан әрі дамуына ықпал ететін, пациенттер сеніміне ие болатын міндетті жұмыс шарты. Барлық жағдайда басымдық берілетін корпоративті этика қағидасына сәйкес мекеменің басшы құрамы ұжымда жылы қарым-қатынас қалыптастырудың, үздік мінез-құлық ұстанымын танытудың үлгісі болуы шарт.

Кодекс қағидасын тұрақты басшылыққа алыңыз және әрбір медициналық мекеменің жетістігі ұжымның әрбір мүшесіне тікелей қатысты екенін естен шығармаңыз.

Медициналық қызметкердің кәсіби қызметінің басты мақсаты – адам өмірін сақтау және оған медициналық көмек көрсету арқылы өмір сапасын жақсарту. Әрбір дәрігер осы маңызды қағиданы қатаң сақтайтын болса, табысты боларына сөз жоқ. Бір адамның жетістігі - ұжым қол жеткізген нәтиже болып есептеледі.

Адамгершілік пен қайырымдылық қағидасын басшылыққа ала отырып, денсаулық сақтау жүйесіндегі медициналық қызметкердің өзекті міндетін таныту арқылы біз медицинадағы барлық жаңалық пен жақсылық тек пациентке арналатынына сендіреміз. Бұл – біздің клиниканы Қазақстан халқы ғана емес, шетелдерде де озық емхана ретінде жақсы білуі үшін жасалып отырған алғы шарттардың бірі.

Құрметпен, №5 ҚКА бас дәрігері, м.ғ.д.
жоғары санатты ұйымдастырушы
Б. Н.Садықов

БАРЛЫҒЫ – ПАЦИЕНТ ҮШІН

- *Пациент мүддесі мен денсаулығы - бәрінен қымбат.*
- *Медициналық персоналдың өз іс-әрекеттері үшін толық жауапкершілігі.*
- *Өз ісінің шебері болу және кәсіби біліктілік - біздің табысымыздың басты кепілі.*
- *Емдеу сапасын жақсарту мақсатында кәсіби білімді тұрақты жетілдіру.*
- *Корпоративті мәдениеттің негізгі басымдығы - пациенттер және әріптестермен ізгілікке негізделген қарым-қатынас жасау.*

БІЗ – ӘРҚАШАНДА БІРГЕМІЗ

- *Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін біз ашық жұмыс істейміз.*
- *Әріптестермен қарым-қатынаста - толық сенім танытамыз.*
- *Ұжым ішіндегі өзара сыйластық - біздің қарым-қатынасымыздың негізі.*
- *Біз ұжымның кәсіби өсуін қолдаймыз.*
- *Біздің міндетіміз – жоғары сапалы медициналық қызмет көрсету және ізгілікті қарым-қатынас жасау.*
- *Біздің мақсат - пациенттер күткен шектен асатын үздік көрсеткіш таныту.*

ЭТИКА КОДЕКСІ ТУРАЛЫ

Медициналық мекеменің корпоративті этика кодексі - бұл қызметкерлердің өз міндеттерін атқару барысында басшылыққа алуы қажет мінез-құлық ұстанымдарының тәртібі және этикалық нормалардың жиынтығы.

Медициналық қызметкер жынысына, жасына, нәсілдік және ұлттық айырмашылығына, әлеуметтік мәртебесіне, діни және саяси көзқарасына қарамастан, әрбір адамға медициналық көмек көрсетуге үнемі дайын болуы керек.

Жағдайы жоқ жандарға тегін көмек көрсетудің еш айыбы жоқ және заңды.

Пациентке тәндік, рухани немесе материалдық зиян шектіруге жол берілмейді. Медициналық қызметкердің құқығы мен міндеті - өзінің кәсіби тәуелсіздігін сақтау.

Медициналық мекемеге деген тұрғындардың көзқарасы қарым-қатынасына, оның кәсіби келбетіне, Қазақстандағы барлық медициналық мекемелер арасындағы бәсекелестік қабілетіне біздің әрқайсысымыздың күнделікті жұмысымыз, іс-әрекетіміз және шешіміміз ықпал ететінін естен шығармаңыз.

Этика кодексі медициналық мекеменің барлық қызметкерлеріне (атқарып отырған қызметіне қарамастан) және осы мекеменің Қадағалау Кеңесінің мүшелеріне арналған.

Біз барлық медициналық мекемелердің осы этикалық стандарттарды басшылыққа алуларын қуана қолдаймыз, себебі, бұл – пациент мүддесі үшін кәсіби білімді көтеру, өзара ынтымақты іс-әрекетті дамыту, бірлесіп жұмыс істеудің табыс кепілі деп түсінеміз.

ҰЖЫМНЫҢ ӘРБІР МҮШЕСІ КОДЕКСТІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫН ҰСТАНУҒА МІНДЕТТІ.

• мінез-құлық ұстанымы Кодексінің ережелерімен танысып, оны күнделікті жұмыста басшылыққа алу, көрсетілген шектен тыс тәртіптен аулақ болу;

• медициналық практикада қолданылатын нормативтік-құқықтық актілерді білу және талаптарын сақтау, құжатта көрсетілген қағидаларды түсіну, құжат мазмұнына қатысты күдігі болса, өз іс-әрекетін басшылықпен келісу;

• медицина қызметкері заңға, кәсіби парызына, этикалық ұстанымға қайшы келетін әрекетті талап еткен кез-келген жеке немесе заңды тұлғамен жұмыс істеуден бас тартуға құқықты;

• қызметтік міндетін сапалы және мерзімінде атқару, ұтымды шешімдер қабылдауға ұмтылу, өз жұмысының нәтижесі үшін жауап беру;

• өз қателігін уақытында мойындау, салдарынан болатын жағдайдың алдын-алу мақсатында басшылыққа бұл туралы мәлімдеу;

• тәртіп бұзушылық фактілері бойынша барлық ескертпелерді назарға ала отырып, пациенттерді қолдау бөлімімен белсенді түрде бірлесе жұмыс жасау;

• бірге жұмыс жасайтын әріптестеріне құрметпен қарау, жас мамандарға қолдау көрсету;

• негізгі жұмыс бабына қатысты мәселені шешу үшін өзі тікелей бағынатын басшысынан көмек сұрау;

БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАСШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Клиниканың бөлім меңгерушілеріне қызмет бабына қатысты өз мәселелері мен күдік келтіретін жағдайларды еркін айтатын, міндеттерін түсінетін қызметкерлердің корпоративті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және қолдау жауапкершілігі жүктеледі.

- Жеке басы арқылы үлгі көрсетіп, этикалық кодекстің қағидаларын күн сайын ұстану;
- Кодекс ережелерін қарауындағы қызметкерлермен оқып-үйренуді қамтамасыз ету, түсіну және Кодекстің негізгі қағидаларын сақтау;
- Ұжымда қандай мәселе талқыланса да әрбір қызметкер өзін еркін сезінетіндей ашық қарым-қатынас орнату.

Қарым-қатынас жең ұшынан жалғасатын ағайынгершіліктен тыс ресми тәртіпте жүргізілуі шарт.

- Этика мәселелері бойынша қарауындағы қызметкерлердің пациенттерді қолдау бөлімімен тығыз байланыста жұмыс жасауларын қамтамасыз ету, этикаға қатысты мәселелерді салмақты түрде талқылайтын қызметкерлерге қолдау көрсету;
- Пациенттерді қолдау бөлімі этика қағидасы бұзылған жағдайлар үшін шара қабылдауға құқықты, олар:

1. Болған жағдайды талқылау,
2. Қайта дәрістеме беру,
3. Әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану,
4. Сараланған төлемді алып тастау;

- Кодекс талабын қызметкерлердің сақтауын және жеке еңбек нәтижесіне баға беруде медициналық мекемеде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға қосқан қызметкердің дербес үлесін ескеру.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ
СЕРТИФИКАТ

МЕЛБЕК
МЕЛБЕК

БАСШЫҒА ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНЕ МӘЛІМДЕУГЕ МІНДЕТТІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

Медициналық мекеме ұжымда этикалық мәселелер талқыланатын сенім атмосферасын қалыптастырып, дамытуды қолдайды.

Дегенмен, мына жағдайларда кейбір тәртіп бұзушылықтар туралы басшыларға немесе ішкі аудит қызметіне хабарлануы тиісті:

- Есеп берудің қандай да бір түрі дұрыс жазылмаса;
- Пациентке, қызметкерге/қызметкерлерге немесе клиникаға зиян келуі ықтимал этикалық норманың бұзылуы туралы мәлімдеме (оқиғаны болдырмас үшін);
- Құпия ақпаратты бөгде тұлғаларға жариялау;
- Еңбек тәртібінің бұзылуы;
- Қызметкер кінәсі салдарынан медициналық аппаратураның істен шығуы.

ЖҰМЫС БАБЫНДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚҰСТАНЫМДАР

Біз абырой-беделімізді жоғары қоямыз, этикалық ұстанымдарды сақтаймыз және өз жауапкершілігімізге алған міндеттемені әрқашан және кез-келген жағдайда орындаймыз. Біз өзара бірлесіп әрекет жасайтын әріптестерімізге, пациенттерге және басқа да тұлғаларға құрметпен және қайырымдылықпен қараймыз.

Біз өз жұмысымыздың нәтижесі және қоршаған жұмыс атмосферасы үшін жауап береміз. Пациенттермен қарым-қатынас жасаудың ерекшелігі көбінесе аурудың нозологиялық түріне байланысты болады: Біздің парызымыз - неврологиялық немесе психосоматикалық патологиясы бар жүйкесі қозбалы науқастардың жүйкелік-сезімталдық жағдайын ескеру. Орта медперсоналдың мұндай пациенттерге ерекше ықылас бөліп, шынайы қамқорлықпен қарауларының маңызы зор. Кардиологиялық науқастар көп жағдайларда өлім қорқынышымен жүреді, біз олардың көңілдеріне өздіктерінен сауығатындары туралы сенім ұялатуымыз шарт.

Тері ауруларына шалдыққан науқас жандар моральдық көмекке мұқтаж, өйткені, қоғам мен отбасына бейімделу олар үшін маңызды саналады.

THE BIG

ПАЦИЕНТТЕРМЕН ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ

Пациенттермен қарым-қатынас жасау - біздің жұмысымыздың өзегі.

Пациенттерге жоғары сапалы кәсіби медициналық көмек көрсету және оны корпоративті этикаға сәйкес толыққанды тәртіпте ұсыну мақсатында біз осы жұмысты атқарып отырмыз.

Пациенттермен қайырымды қарым-қатынас жасау МӘМС (ОСМС) жағдайында клиника қызметін дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

- Біз медициналық көмек көрсетудің ең жоғарғы дәрежесіне сәйкес болуға, медициналық көмекті жоғары кәсіби деңгейде көрсетуге ұмтыламыз.
- Әрбір пациентке жеке көзқарас - біздің жұмысымыздың ұстанымы. Медициналық мекеменің әрбір қызметкері пайда болған мәселені жедел шешеді, өз жұмысының нәтижесі үшін жауап береді, өз міндетін сапалы атқаруға қажетті мүмкін шараны қабылдайды.
- Мамандардың консультациясы пациенттерді жаңылыстырмауы шарт.

Біз пациенттерге жасалып жатқан емнің күтпеген нәтижелері болатындығы туралы ескертуіміз қажет.

Пациенттермен қарым-қатынас жасау - біздің дамуымыздың құрамдас бөлігі болып табылады.

Пациенттерге қолдау көрсету қызметі, жедел көмек көрсететін медперсонал командасы пайда болған барлық мәселені шешеді.

Медициналық мекеменің әкімшілігі емдеу жұмысы жөніндегі ұсыныс-пікірлердің әрқайсысына айрықша назар аударады, барлық жолданымдарды талқылау медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Медициналық персонал жұмысының ерекшелігі – пациенттің денсаулық жағдайын және аурудың белең алуы жөніндегі ақпараттың құпиялылығын сақтау.

№5 ҚКА – ЖОҒАРЫ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІ КЛИНИКА

Медициналық қызметтің басты шарты – кәсіби құзыреттілік, оның арнаулы білімі және емдеу өнері.

Жоғары адамгершілік құндылықтар тұрғысында өзіне жоғары талап қоя отырып, жіберген қателігін мойындау және түзеу көрегендігі медициналық қызметкерге медициналық шешімді дербес қабылдау құқығын береді.

Кәсіби құзыреттілік дегеніміз - осы.

№5 ҚКА ұжымы - біздің ең басты бәсекелестік артықшылығымыз, сондықтан клиникада әртүрлі сұранысты және әржасты ұрпақ өкілдерінің бір кісідей еңбек етулері үшін толық жағдай жасалған.

Клиникада Жарғыға сәйкес еңбек заңы сақталады. Әділдік қағидасын қолдана отырып, біз ұжым мүшелеріне лайықты еңбекақы төленуін және шеніне қарай өсу мүмкіндігін береміз.

Дербес үлес қосу нәтижесі бойынша. №5 ҚКА-нда бөлім басшылары бөлімдер қызметін бағалауды қызметкерлерге жүктейді. Қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында сараланған еңбекақыны беру жүйесі жолға қойылған, негізгі қызмет нәтижесіне қарай сылықақылау енгізілген.

Тұрақты даму - біздің жетістігіміздің басты шарты.

Қызметкерлердің кәсіби және жеке білімдерін толықтыруларына ерекше назар аударылады. №5 ҚКА Әкімшілігі қызметкерлердің кәсіби, көшбасшылық мүмкіндіктерін жан-жақты дамытып, оқуларына кепілдік береді.

Біздің басты міндетіміз - әрбір қызметкердің пайда болған мәселе туралы ойын жасырмай, ашық айтуы, өз көзқарасын білдіруі үшін жұмыс жағдайын жасау және қолдау көрсету.

Бірде-бір қызметкердің пікірі ескерусіз қалмайды.

Бұл арқылы жұмыстың жоғары сапасы, жеке және ұжымдық өсу қамтамасыз етіледі. Түсіністік пен сенім атмосферасын қалыптастыру, өнімді жұмыс жағдайын жасау - біздің ортақ міндетіміз.

Біз қолдануға тыйым салынған, анайы, дөрекі, қатаң, нәсілдік кемшінді, агрессивті немесе жеке басқа қатысты қорлама сөз, қылық және тәртіп түрлерін мүлдем болдырмауымыз қажет.

№5 ҚКА құрылған күннен қазіргі кезге дейін діни нанымына, жасына, жынысына байланысты немесе нәсілдік кемсітушіліктің бірде-бір жағдайы болған жоқ.



ДӘРІГЕРЛІК ҚҰПИЯ

Әрбір пациенттің өз құпиясын сақтауға дербес құқығы бар. Медициналық көмек көрсетуге қатысқан медициналық қызметкерлер дәрігерлік құпияны пациент дүниеден озғаннан кейін де (егер науқас ықылас білдірмесе, оның медициналық көмек сұрап, қаралған туралы фактіні де) сақтауға міндетті.

Науқасқа диагноз қойылуы, емдеу тәсілдері, болжам және т.б. емдеу шаралары барысында оған қатысушы медициналық қызметкерлерге белгілі болған бірде-бір ақпарат жария болмауы қажет.

ПАЦИЕНТ ТУРАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ АҚПАРАТ ЖАРИЯ БОЛУЫ МҮМКІН, МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА:

- пациент анық, жазбаша түрде келісім берсе;
- тексеру, тергеу, прокуратура, сот органдарының дәлелді талаптары бойынша;
- құпияны ашпау салдары пациент немесе басқа тұлғалар өмірі мен денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіріп тұрса;
- емдеу барысына қатыстырылған басқа мамандар үшін құпия ақпаратты білу кәсіби қажеттілік болса.

Медициналық қызметкер сонымен қатар, науқасты емдеуге қатысқан барлық тұлғалардың кәсіби құпияны сақтауларын қадағалауға міндетті.

№5ҚКА-да қызметкерлер жетістігіне байланысты оларды материалдық емес ынталандыру шарасы көзделген корпоративтік марапаттау жүйесі жұмыс істейді. №5 ҚКА-ның құндылықтарына қатысты үлгілі тәртібі мен кәсіби біліктілігі үшін ең үздік мамандарды марапаттау дәстүрі бар.

БІЗ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫЗ

Біз №5 ҚКА қызметкерлерінің денсаулығына ерекше алаңдаймыз. Сондықтан да еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ыңғайлы жұмыс орнын жасауға басымдық беріледі.

№5 ҚКА-да жүйелі түрде қызметкерлердің еңбек жағдайын (санитарлық-эпидемиологиялық режим, жарықтандырылуы, мекенжайдың температуралық режимі, дыбыстық шектеу) бағалау жүргізіледі.

Қауіпсіздікті жоғары деңгейде қамтамасыз ететін шаралар кешені бар.

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік үшін клиника бойынша қабылданған шаралар жеткіліксіз, сондықтан қызметкерлер арасында төтенше жағдайдағы тәртіп, техникалық қауіпсіздік бойынша арнаулы тренингтер өткізіледі.

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселесіне ерекше жауапкершілікпен қараңыз.

Әрбір қызметкер бұл сала бойынша дәрістемелік курстардан өтуге міндетті.

Біз еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері сақталған жағдайда ғана тиімді жұмыс атқаратын боламыз.

Біздің ұжым салауатты өмір салтын толық қолдайды.

Біз үшін спорт – денсаулықтың, көтеріңкі көңіл-күйдің кепілі және ол үлкен ұжымның ауызбірлігіне бірден-бір ықпал етуші күш.

№5 ҚКА Алматы қаласы Әкімшілігімен бірлесіп, салауатты өмір салтына және өз денсаулықтарын нығайтуға бағытталған қызметкерлердің іс-әрекеттерін қолдайды.

Қызметкерлер мен олардың отбасы үшін спорттық шараларды тұрақты түрде ұйымдастырады.

№5 Қалалық
клиникалық
аурухана
Медеу ауданының
Медициналық
Бірлестігі

Определи
свой статус
в системе
ОСМС !!!

РМО

ASTANA MOTORS

0
1
4
ASTANA

БІЗДІҢ КЛИНИКА - БІЗДІҢ ҮЙІМІЗ

Біз сенеміз, медициналық мекеме ұжымы мүшелерінің барлығы клиника мүлкінің орынсыз пайдаланылуына немесе шығындалуына, қызметтік ақпараттың дербес мақсатқа қолданылуына жол бермейді, жауапкершілікпен әрекет жасайды. Біздің қызметкерлер бірінші кезекте медициналық мекеме мүддесін көздейді.

Әрбір қызметкер мына сұраққа жауап беруі қажет:

Мен медициналық мекеме мүлкіне ұқыпты қараймын ба?

Медициналық мекеме ресурсын өз мақсатыма пайдаланып жүрген жоқпын ба?

Ресурстарды тиімді қолдану тәртібін ұмытып жүрген жоқпын ба?

Мен суды, жарықты, медициналық техниканы, электрлік құралдарды уақытында өшіремін бе?

Біздің шығындар тек белгіленген жұмысты орындау үшін ғана қолданылады. Біз медициналық мекеме қорын өз ақшамыздай үнемдеуге міндеттіміз.

Медициналық мекеме ұжымы - табыс табуға ұмтылған, өзіне-өзі сенімді қызметкерлер.

Біздің сыртқы келбетіміз – ішкі дүниеміздің айнасы.

Біздің қызметкерлер және жұмыс жағдайымыз – кәсіби, жақсылыққа жақын, ізгілік атмосферасын қалыптастырады.

1. Клиниканың қалыпты киім үлгісін сақтаңыз – кәсіби бейне Сіздің қандай киім киіп жүргеніңіз арқылы емес, оны қалай киіп жүргеніңіз арқылы білінеді; пациенттерді қарау кезінде Сіз міндетті түрде санитарлық-гигиеналық талап шартына сәйкес киімде болуыңыз керек.
2. Жұмыс киімі барлық уақытта тап-таза және үтіктілген болуы қажет.
3. Аяқ киім таза және қонымды болғаны жөн, бөлімдерде барлық медперсонал аяқ киімдерін алмастырады.

4. Қызметкердің аты-жөні жазылған бейдж пациенттер көзіне көрініп тұруы шарт.
5. Шаштарыңыз ұқыпты жиналған, тырнақтарыңыз таза болуы керек; ұзын, бос жіберілген шаш біздің жұмыста орынсыз, жеке гигиенаның жоғары стандартын ұстаныңыз.
6. Сіз таққан аксессуарлар, зергерлік бұйымдар қарапайым болуы қажет.
7. Сыртқы келбетіңіз арқылы Сіз қоршаған ортаны сыйлайтыныңызды және клиника имиджін қолдайтыныңызды білдіресіз.
8. Пациенттер көзінше тамақтанбаңыз; сағыз қолданбаңыз.

Біздің клиникада шылым шегуге тыйым салынғанын ұмытпаңыз. Осы дәстүрді ұстаныңыз.

9. Пациенттер жанынан өткен кезде оларға міндетті түрде жол беріңіз және күлімсіреңіз.
10. Жұмыс орныңызда отырғанда көңіл-күйіңіз ашық-жарқын және бет-келбетіңіз тартымды болуы керек.
11. Пациенттер және олардың туысқандарымен қарым-қатынаста әңгіме кезегін сақтай отырып, айтар ойыңызды жинақы және дәлелді жеткізіңіз. Жалған немесе нақтыланбаған ақпаратты бермеңіз.
12. Пациенттермен сөйлесу барысында шыдамды болыңыз, олармен сөз жарыстырмаңыз, ықылас-пейіліңізбен өзіңізге баурауға тырысыңыз.
13. Жұмыс орныңызда тазалықты және тәртіпті сақтаңыз.

Нәтиже:

- *Сіздің кәсіби біліктілігіңіз бен өзіңізге сенімділігіңіз пациенттердің Сізге және клиникаға деген толық сенімін қалыптастырады.*
- *Сіздің ұсынықты сыртқы келбетіңіз пациенттің Сізге деген оң көзқарасын тудырып, сенімін арттырады.*
- *Клиника қызметкерлерімен ізгілікті қарым-қатынас медициналық мекеме имиджін қамтамасыз етеді.*

МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СӘЛЕМДЕСУІ

Пациенттер бізден жылы және шын жүректен шыққан амандасуды күтеді. Пациенттің алғашқы көңілі толған сәті - барлық медперсоналға сенудің кепілі болып табылады.

Сәлемдесу үшін біз мына тәртіпті ұстануымыз қажет:

1. Әрбір пациентпен дербес амандасу (балаға, қарт адамға, әйел адамға), жылы сөзіңізді аямаңыз.
2. Пациентті көрген бойда, күлімсіреңіз және әрбір жаңа кездесу сайын мұны естен шығармаңыз.
3. Жиі келетін пациенттерді есте сақтаңыз және айрықша белгілеңіз.
4. Пациентті толғандырған барлық мәселелер бойынша шын ниетпен көмектесуге тырысыңыз, қажет болса, пациенттерді қолдау қызметін шске кірістіріңіз.
5. Пациенттер көп болған жағдайда, жағдайды дұрыс бағалап, күту уақытын барынша қысқарту үшін шара қолданыңыз.
6. Пациентпен қоштасарда күлімсіреңіз және оның атын айтыңыз, оған сәтті күн тілеп, тез сауығып кетуіне тілекші екеніңізді білдіріңіз.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ

1. Телефон қоңырауына үшінші шалымнан кешіктірілмей жауап берілуі тиіс.
2. Жауап берерде өз атыңызды анық айтып, сәлем жолдайсыз: «Қайырлы күн. Медициналық мекемені, бөлім атауын, өз есіміңізді айтыңыз. Сізге қандай көмек қажет» (тәулік уақытына қарамастан: қайырлы таң - 11:00 дейін; қайырлы күн - 17:00 дейін; мұнан әрі - қайырлы кеш).

Қажет болған жағдайда, хабарламаны қабылдаңыз, сұралып тұрған қызметкермен немесе бөліммен жалғаңыз немесе желіде күте тұруды, сондай-ақ, кейін хабарласуды өтініңіз.

a. Телефонмен сөйлесу соңында жылы қоштасыңыз.
b. Абонент желіден ажырағанына көзіңіз жеткен соң ғана тұтқаны қоясыз.

ПАЦИЕНТ КҮТКЕННЕН АРТЫҚ НӘТИЖЕ

- Пациенттердің сұранысы мен күткенінен артық ерекше ықылас пен қамқорлық таныту - жоғары сапалы қызмет көрсететін клиника абыройын қалыптастырады.
- Клиникаға келген пациенттердің барлығына бірдей шын пейілмен қызмет етіңіз, әсіресе, жасы келген пациенттерге, мүгедектер мен балаларға ерекше көңіл бөліңіз; кез-келген орында және кез-келген уақытта қол ұшын беріңіз.
- Егер берілген уәде орындалмайтын болса (мысалы, қызмет көрсетудің кешіктірілуіне байланысты), онда бұл туралы пациент шағым түсірмей тұрып мәлімдеңіз; кешірім сұрап, баламалы мүмкін қызмет түрін ұсыныңыз.
- Егер Сіз пациентке уәде берген болсаңыз, ол шынайы, негізделген болуы және дәл мерзімінде орындалуы тиіс.
- Уәденің орындалуы пациенттер сеніміне әкеледі.
- Клиника пациенттеріне ұсынатын ақпараттың нақты болуы және орындалуы үшін толық жауап беруге дайын болыңыз.
- Пациентке жол сілтемеңіз, оны бірге алып жүріңіз.
- Қажеттілік болмаса, пациент әңгімесін үзбеңіз, шыдамдылық - этиканың ең өзекті қағидаларының бірі.
- Пациент баяндап отырған ақпараттың құпиялылығын сақтауға кепілдік беріңіз; жеке өміріне араласпай, шын жанашырлық танытыңыз.
- Пациент денсаулығы үшін жауапкершілікті өз міндетіңізге алыңыз, оның өтініштеріне ықыласпен құлақ түріңіз.
- Тек жақсылықты қолданыңыз: сіздің сөз сөйлеу мәнеріңізде адамның сауығуына, ертеңге деген сенім ұялататын, жарқын болашаққа ұмтылыс беретін қанатты сөздер болуы керек. Пациенттер бізден уәде берген қызмет көрсетулердің бір ізділікпен және толық орындалуын күтеді.

Нәтиже:

- пациентті толық қанағаттандыратын медициналық қызмет көрсетулер пациенттердің дәрігерге деген сенімін нығайтады және сауығуына көмектеседі.

- Пациент күткен деңгейден артық қызмет көрсету Сіздің уақытыңызды үнемдейді және емдеу барысында жоғары нәтиже береді, медициналық мекемеге жоғары кәсіби дәрежелі клиника атағы мен абыройын әкеледі.

ПАЦИЕНТТЕР ШАҒЫМЫ - БІЗДІҢ ӘРЕКЕТІМІЗ

- Егер Сіз пациент сөзінен қанағаттанбаушылықты аңғарсаңыз, жағдайды қалыпқа келтірудің жедел шарасын қарастырыңыз.
- Қолдаңыз, біздің қызмет көрсету туралы толық пікір білдіруіне мүмкіндік беріңіз, тиісті сұрақтар қойыңыз.
- Барлық айтылған сөздерді - шағымды салмақты және оң көзқараспен қабылдаңыз (мүмкіндігінше, басқа пациенттер болмаған кезде).
- сөйлеушіні үзбеңіз, асықпай, ынталы түрде тыңдаңыз; ең маңызды пікірлерді жадыңызда ұстаңыз;
- пациент ескертпесін қабылдаңыз; оған айтқан ақпараты үшін алғыс білдіріңіз.
- ескертпе немесе шағымды талқылау үшін жауапкершілікті өз міндетіңізге алыңыз; тиісті шаралар қабылдаңыз - пациентке қандай әрекет жасайтыныңыз туралы мәлімдеңіз немесе сол тектес баламаны ұсыныңыз.
- егер айтылған мәселені шешу үшін уақыт қажет болса, пациентке қандай әрекет жасайтыныңызды және оны қашан орындайтыныңызды мәлімдеңіз.
- егер пациент өзіне ұсынылған шешіммен келіспесе, оны жоғары тұрған тұлғаға жолдаңыз;
- айтылған мәселе бойынша шара қабылданып, пациенттің көңілі толғанына көз жеткізіңіз.
- аталған жағдайдың болашақта қайталанбасы үшін неліктен осы шағымның айтылу себебін анықтаңыз; болашақта ескеру мақсатымен оны міндетті түрде есепке алыңыз;
- Пациент өз шағымының тез шешімін табарына сенімді болуы керек.

Қызмет көрсетуге қанағаттанбайтын пациенттерге ерекше ынта-ықыласпен және түсіністікпен қызмет көрсетіліп, айтылған мәселелері тез және ілтипатпен шешілетін болса, олар бюджеттен тыс түсімдер спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Клиника территориясында қызметкерлер:

- Бір-біріне аты-жөндерін толық айту арқылы сөйлеседі;
- Әріптестеріңіз бен пациенттерге дауыс көтермей сөйлеңіз. Егер олар Сізден алыстау болса, жақындап барып, әңгімеңізді жалғастырыңыз.

Нәтиже:

- *Біздің пациенттеріміз мәселелері мен өтініштерінің тез, сауатты, сенімді және шынайы шешімін табарына алаңсыз болады және толық сенеді.*
- *Сіз өзіңіздің кәсіби біліктілігіңізді растайтын жұмысыңыз үшін толық қанағаттанасыз және разы боласыз.*

ҰЖЫМДЫҚ АУЫЗБІРЛІК

1. Сіздің әрекеттеріңіз медициналық мекеме жұмысының құрамдас бір бөлігі болып есептеледі.
2. Жұмыс тәртібіне өзгеріс енгізерде оның Сіздің әріптестеріңізге ықпалы бар-жоғына көз жеткізіңіз, мүмкіндігінше, олармен келісіп, ортақ шешімге келіңіз.
3. Егер әріптестеріңіз сіздің көмегіңізге немесе кеңесіңізге мұқтаж болса, бас тартпаңыз және оған дайын болыңыз.
4. Әріптестеріңіздің Сізге көмектескені немесе қолдау көрсеткені үшін разы болыңыз.
5. Бір ауысымнан екіншісіне істі өткізерде жазбалардың дәл ресімделуін қамтамасыз етіңіз.
6. Жаңадан қабылданған қызметкерлерге ізгі ниетпен қараңыз, олар үшін жылы қарым-қатынас ортасын қалыптастырыңыз, жұмыс тәжірибеңізбен бөлісіңіз.
7. Сіздің тарапыңыздан кеткен қателікті мойындаудың толық жауапкершілігін өзіңізге алыңыз және кінәні басқа қызметкерлерге ауыстырмаңыз.
8. Өзіңіздің жұмысыңызды клиника абыройына, пациенттер игілігіне қызмет ететіндей қанағаттанарлық сезіммен атқарыңыз.
9. Ұжым ішіндегі жылы қарым-қатынас сіздің еңбегіңізді анағұрлым жеңілдетеді.
10. Ұжымның тиімді жұмысы арқылы клиника пациенттер алдындағы міндетін жоғары сапалы және кәсіби біліктілікпен орындайды.
11. Сіз қолданатын медициналық жабдық кіршіксіз-ақаусыз жағдайда болуы керек.
12. Ұжымның бір кісідей жұмылған іс-әрекеті жоғары деңгейлі емдеуді, жоғары деңгейлі қызмет көрсетуді және жоғары деңгейлі нәтижені қамтамасыз етеді, яғни медициналық қызмет көрсетуге пациенттің толық қанағаттануын танытады.

ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жұмыс кестесін бөлім басшысы бір ай бұрын жасайды. Қажет болған жағдайда, жұмыс кестесі өзгертіледі, қызметкер жұмыс кестесі жасалғанға дейін жұмыс сағаттарын келісіп, басшыға мәлімдеуі қажет.

Жұмыс кестесі бөлім басшысының рұқсатынсыз өзгертілмейді. Жұмысқа ауысымды қабылдап, дәл белгіленген уақытта жұмысқа кірісу үшін 15 минут бұрын ерте келу қажет.

Өндірістік қажеттілікке байланысты жұмыс күні аяқталғаннан кейін Сіздің жұмыс орнында болуыңыз талап етілуі мүмкін, клиника мүддесін ескеру қажет.

Жұмысқа қабылдарда сынақ мерзімін біріншi басшы белгілейді, ол 1 айдан кем болмайды.

Еңбек жалақыңыздың өсуі (сараланған төлем және сыйлықақы) Сіз атқаратын жұмыс сапасына тікелей байланысты. Егер қызметкер науқастанып қалуына байланысты жұмысқа шыға алмаса, сол бөлімнің басшысына, сондай-ақ, өз әріптестеріне (жұмыс ауысымы басталғанша) мәлімдеу қажет.

Егер қызметкер жұмыс кезінде науқастанып қалса, бұл туралы бөлім басшысына хабарланып, оны алмастыру туралы жедел шешім қабылданады.

Қызметкердің науқастанып қалған кезінде оның қызметтік міндетін атқару үшін бөлім басшысы мен әріптестері бірлесіп, жаңа жұмыс кестесін жасайды.

Клиника қызметкерлеріне өзінің жұмыс уақытынан басқа уақытта клиника территориясында болуға тыйым салынады (клиника территориясында өткізілетін жоспарлы шараға қатысу немесе басшылықпен алдын-ала келісілген жағдайлардан басқа).

Жұмыс уақыты кезінде қызметтік телефон арқылы жеке бас шаруасын шешуге, пациентке кеңес беру кезінде ұялы телефонды қолдануға тыйым салынады.

Жеке басының қажеті үшін телефонды, факсты, көшірмелік машинаны, компьютерді, электронды почтаны немесе сол тектес жабдықтарды пайдалануға жол берілмейді.

Біз медициналық мекеме мүлкін өз меншігіміздей қорғаймыз.

Дербес қызметтік кілті бар қызметкерге әріптестерінің біріне кілтті беруіне болмайды, қандай да бір ұрланған зат үшін кілт кімнің атына берілсе, сол тұлға жауап береді.

Жұмыс ауысымы соңында әрбір қызметкер барлық кілттердің түгелдігіне көз жеткізіп, тәуліктік жұмыс істейтін ауысымға тапсырады немесе бір ауысымдық жұмыс болса, кабинеттерді жабылғанын тексереді.

Кілт күзетке қол қоюмен өткізіледі.

Жеке бас мәліметіндегі қандай да бір өзгеріс мерзімінде кадр бөліміне хабарлануы керек (мекен-жайы, телефон номері, төлқұжаты, отбасылық жағдайы және т.б.)

Клиника қызметкерлерінің құпия ақпарат болып табылатын мына мәселелерді талқылауға құқығы жоқ: егер науқастың денсаулық мүддесіне қатысы болмаса пациенттер туралы жеке ақпарат.

Клиниканың қаржылық-шаруашылық қызметі туралы қаржылық ақпарат (қаржылық есеп беруге байланысты қызметтен басқа).

Біз сондай-ақ, кәсіби қызмет барысында алынған ақпараттардың құпиялылығын сақтаймыз, себебі, жұмыс бабы бойынша әріптестермен талқылайтын ақпараттың және тума-туыс, жақын адамдармен талқылайтын ақпарат арасындағы айырманы жақсы түсінеміз.

Медициналық мекемеде белгіленген, өзіңіздің қызметтік міндетіңізді орындау барысында сізге мәлім болған ақпарат немесе жариялауға болмайтын, бірақ сізге сенгендіктен айтылған ақпараттың құпиялылығын қорғау Тәртібіне сәйкес ережені сақтаңыз.

Клиника территориясында шылым шегуге тыйым салынады.

Қызметкерлердің жұмысқа алкоголь ішімдіктерін әкелуге немесе жұмыс кезінде қолдануларына құқығы жоқ.

Жұмысқа мас күйінде келген қызметкерлер жұмыс істеуге жіберілмейді.

Қызметкер атына шағым берілуі ықтимал жағдайлар болуы мүмкін.

Шағым құзыреттілік шегіне қарай тікелей басшыға, мұнан соң басшылық карауына, пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметіне, тәртіпке шақыру комиссиясына, кәсіподақ комитетіне, кадр жөніндегі кеңес карауына ұсынылады.

ЖАҚЫН ТУЫСТАРМЕН БІРЛЕСІП ЖҰМЫС АТҚАРУ

Медициналық мекемеде жақын туыстардың бірге жұмыс істеуіне тыйым салынбаған.

Бірақ, медициналық мекеме мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында жақын туыстардың бірге қызмет атқаруларын шектеп отыр. Сонымен қатар, отбасылық жалғасымдық негізіндегі ағайынгершілікке (протекционизмге) де жол берілмейді.

Клиникада жақын туыстардың тікелей немесе қызметтік бағыныштылықпен бірге жұмыс істеулеріне тыйым салынған.

КЛИНИКАДАН ТЫС ЕҢБЕК ЕТУ

Клиника басшылығы медициналық мекемеден тыс жерде қандай да бір жұмыс атқаратын қызметкерлер бұл туралы өздерінің тікелей басшыларына мәлімдейді деп есептейді.

- медициналық мекемедегі өз қызметтік міндетіңізді атқарып болғаннан кейінгі бос уақытыңызда ғана қосалқы жұмыс істеңіз;
- қосалқы атқаратын жұмысыңыздың медициналық мекемедегі негізгі жұмысыңызға ықпал етпейтіндігіне, медициналық мекеме беделі мен мүддесіне зияны жоқтығына көз жеткізіңіз.

КЕНЕТТЕН БОЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ МӘДЕНИЕТІ

Медициналық мекеме денсаулық сақтау жүйесіндегі үнемі жаңартпалы реформалау жағдайында табысты түрде дами алады. Біз сондықтан, басқару жүйесін қауіп-қатердің алдын-алу шаралары арқылы жетілдіре аламыз.

Біздің қызметімізге қатысты мүмкін жағдайлар бойынша тұрақты түрде талдау жүргізіледі және пайда болуы ықтимал мәселелерді жою мақсатында басшылық шаралар жоспарын жасайды.

- Біз кенеттен пайда болуы ықтимал қауіп-қатер туралы, қандай да бір жағдайларды (олар соншалықты қауіпті болмаса да) ашық айтуға, хабарлауға міндеттеміз.

Себебі, пайда болған мәселені уақытында байқау соның салдарынан болатын кері әсерлер ықпалын төмендетуге мүмкіндік береді.

- Клиниканы дамыту Стратегиясында көрсетілген медициналық мекемелердің жалпы мақсат-мүддесін басшылыққа алып, ынтымақты жұмыс істеуге ұмтылу.

Тек өз бөлімі қызметінің аясында ғана емес, медициналық мекемелер мүддесі көлемінде ойлауға, шешім қабылдауға үйрену.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Медициналық мекеме қызметкерлері өз жұмысында қандай түрде немесе қандай әрекеттегі болмасын, жемқорлықты болдырмау қағидасын ұстанады, әрбір қызметкер қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің артуына ықпал етуді өздерінің азаматтық парызы деп есептейді.

Қандай жағдай болмасын, тікелей немесе жанама, дербес немесе аралық тұлғалар арқылы параны ұсынуға, беруге, сұрауға және алуға тыйым салынады.

Медициналық мекеме басшылығы пациенттерден жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі міндеттемелердің орындалуын күтеді.

Қызметкерлер Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» материалдарын тұрақты түрде оқып-зерделейді.

- Тұрғындар мен қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қатысты тұрақты түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
- Медициналық мекемелер дәліздері мен көпшілік орындарында бетшелер, буклеттер, кітапшалар, бейнеайналмалар түріндегі көрнекі насихат құралдарын пайдалану.
- Медициналық мекеме басшылығы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді сынақтан өткізу мақсатындағы семиналар өткізу.

БІЗДІҢ ОРТАҚ МАҚСАТЫМЫЗ - МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕНІҢ ЖОҒАРЫ АБЫРОЙ-БЕДЕЛІН ҚОЛДАУ

ЕСЕП БЕРУДІҢ НАҚТЫЛЫҒЫ

Медициналық мекеменің барлық есеп құжаты есеп берудің белгіленген стандарттары бойынша жасалады және медициналық мекеменің қаржылық жағдайы мен қызметі нәтижесін толық көрсетеді.

Медициналық мекеме қызметкерлері өз жұмыстарының көрсеткіштері туралы қызметтік міндеттемелері шегінде есептерді адал, нақты, дәл мерзімінде және толық көлемде жасауға міндетті.

Нақтыланбаған, толық емес есепті беруге жол берілмейді. Сонымен қатар, медициналық мекемеде жалған құжаттар жасауға, клиниканың шынайы қызметін бұрмалауға тыйым салынады.

КӨПШІЛІКПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ

Медициналық мекемеде оны көпшілікпен қарым-қатынас жасауда танытатын жауапты тұлға тағайындалады.

БАҚ өкілдерімен немесе көпшілік коммуникация жүйесімен байланыс жасауда біз медициналық мекеме талаптарының, қолданылып жүрген заңдардың сақталуына және берілетін ақпараттың дәлдігі мен тұтастығы үшін жауап береміз.

Қызметкерлер интернеттің әлеуметтік торабындағы қарым-қатынастың көпшілік сипатында екенін естен шығармаулары шарт.

Көпшілік игілігіндегі интернет-ресурстарда басшылық рұқсатынсыз медициналық мекеме қызметіне қатысты логотиптерді, товарлық белгілерді, мекеме ентаңбасын, клиника беделіне нұқсан келтіретін немесе шындыққа жанаспайтын фото- және бейнетүсірілімдерді қызметкерлердің таратуына, талқылауына, орналастыруларына тыйым салынады.

Медициналық мекеме қызметіне қатысты ақпаратты клиника басшылығымен немесе ішкі аудит қызметімен өзара келіскеннен кейін ғана орналастыруға рұқсат беріледі.

ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРГЕ ҚАТЫСУ, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАЛАРЫ

Қайырымды іс-әрекет жасау - біздің корпоративтік мәдениетіміздің бір буыны.

Қоғам өміріндегі әлеуметтік маңызды қайырымдылық және волонтерлік (еріктілер) бағдарламаларға медицина мекемелерінің қатысуы дәстүрге айналып келеді.

Біздің парызымыз - жетім балаларға, әлеуметтік жағдайы нашар тұрғындарға, қарт адамдарға, соғыс және еңбек ардагерлеріне қолдан келгенше көмек көрсету.

Мұндай пациенттерге қамқорлық танытып, жылы ниетпен қызмет ету арқылы біз олардың өмірін жеңілдетеміз.

Бұған қоса, қызметкерлер ара-тұра әртүрлі қорларға материалдық көмек қаржысын аударып тұрады.

04.06.2015ж.	«Менің қалам» қайырымдылық қоры	960000,00
31.12.2015ж.	«Менің қалам» қайырымдылық қоры	800000,00
06.05.2016ж.	«Алматы қаласы Медеу аудандық ардагерлер Одағы»	850000,00
08.10.2016ж.	«Медеу аудандық мүгедектер Қоғамы»	130200,00
05.05.2017ж.	«Алматы қаласы Медеу аудандық ардагерлер Одағы»	850000,00
15.12.2017ж.	«Медеу аудандық мүгедектер Қоғамы»	150000,00
Итого:		**3740200,00**

Определи
свой статус
в системе
ОСМС !!!

Магомед ХАЙРОЕВ
врач 1-категории

Жаңа күн
Елдос Түсінбаев
көз дәрігері

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЫНТЫМАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Медициналық мекемелердің мемлекеттік үкімет және жергілікті басқару органдарымен қарым-қатынасы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес айқындылық пен өзара түсіністік қағидасына негізделген.

Медициналық мекеме қызметкерлері қарым-қатынас жасауда кішіпейіл болуға, кәсіби біліктіліктерін танытуға, клиниканың ресми ұстанымынан шығуға міндетті және тергеу жүргізілуі ықтимал болса, оған кедергі келтірмеулері шарт.

Қызметкерлер жұмыстан тыс уақыттарында саяси, діни немесе басқа қоғамдық қызмет шарасына медициналық мекеменің өкілі ретінде емес, жеке тұлға санатында қатыса алады.

Медициналық мекеме территориясында қандай да бір саяси партияның немесе кандидаттың пайдасына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады, сондай-ақ, қызметкерлерге өздерінің діни көзқарастары мен наным-сенімдерін таратуға жол берілмейді.

Қызметкерлерге медициналық мекеме атынан сыйлық беруге, саяси мақсатта жарна енгізуге тыйым салынады.

Медициналық мекеменің қайырымдылық іс-шарасы туралы ақпаратымен Сіз медициналық мекеменің сайты арқылы таныса аласыз.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚҰРМЕТТЕУ

«Барлық адамзат қауымының мүшелеріне тән қадір-қасиетті, олардың бірдей және бөлуге келмейтін құқықтарын мойындау еркіндік пен әділдіктің, жалпыға ортақ бейбітшіліктің негізі болып табылады».

Адам құқығы туралы жалпыға бірдей декларация

Медициналық мекемеде адам құқығы сақталады.

Біз адам құқықтары туралы жалпыға бірдей Декларацияда белгіленген негізгі қағидаларды қолдаймыз.

Бұл қағидалармен біздің келісуіміз - біз ұстаған саясатта, бірлесіп жұмыс жасайтын әріптестермен, пациенттермен және басқа да тұлғалармен қарым-қатынастан көрініс табады.

Біз адам құқығының кез-келген елде, кез-келген мәдени ортада және кез-келген жағдайда сақталуын қалаймыз.

КОДЕКС БҰЗЫЛҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Кодекс ережесінің сақталуы персонал іс-әрекетіне баға беруде және қызмет бабы бойынша өсіру мақсатында шешім қабылдауда ескеріледі.

Қызметкерлер өз міндеттерін атқару барысында кодекс ережесін сақтамаған жағдайда еңбек заңдарына сәйкес тәртіпке шақыру шаралары қолданылуы мүмкін.

КОДЕКСКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Кодекске Қазақстандық және әлемдік іс-тәжірибеде қабылданған жаңа заңдар талаптарына және этикалық стандарттарға сәйкес өзгеріс енгізілуі (жаңа редакциясын бекіту арқылы) мүмкін.

Кодекстің жаңа редакциясын бас дәрігердің ұсынуымен Қадағалау Кеңесі бекітеді және жоба медициналық мекеме бөлімдерінің алдын-ала талқылауына салынады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Медицина - ең жауапты және ең күрделі қызмет саласының бірі. Біздің жұмыс процесінде пайда болуы мүмкін әртүрлі оқиғалар алдын-ала болжауға келмейді.

Сондықтан, қандай жағдай болмасын, өз біліміңізді, кәсіби іс-тәжірибеңізді, ақылға сыйымды шешімді қолданыңыз және орындап отырған жұмысыңызға жауапкершілікпен қараңыз.

Медицина қызметкері өзінің кәсіби тәуелсіздігін дербес сақтауға құқықты. Соғыс және бейбітшілік уақытында жаңа туған нәрестелер мен қарияларға, әскери қызметкерлер мен жай азаматтарға, жоғары лауазымды басшылар мен тұтқындарға медициналық көмек көрсететін медицина қызметкері кәсіби шешімі үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады, сол себепті, әкімшілік, пациент немесе басқа да тұлғалар тарапынан сырттан жасалатын кез-келген қоқан-лоққыға қарсы тұруға міндетті.

Медициналық қызметкер кәсіби борышына, этикалық қағидаларға немесе заңға қайшы әрекетті талап ететін қандай да болмасын, жеке немесе заңды тұлғамен бірлесіп жұмыс істеуден бас тартуы тиіс. Егер Кодекс қағидалары мен нормаларын осы ұжымның барлық мүшесі орындайтын болса, жұмыс тиімділігі артады, қызметкерлер кәсіби өседі, клиниканың беделі мен абыройы сөзсіз нығаяды. Біз бұған кәміл сенеміз.

ТАРАУЛАРЫ

1. МИССИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
2. №5ҚКА БАС ДӘРІГЕРІНІҢ СӨЗІ
3. ЭТИКА КОДЕКСІ ТУРАЛЫ
4. БАСШЫҒА ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНЕ МӘЛІМДЕУГЕ МІНДЕТТІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР
5. ПАЦИЕНТТЕРМЕН ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС
6. ЖҰМЫС БАБЫНДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР
7. №5ҚКА – ЖОҒАРЫ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІ КЛИНИКА
8. БІЗДІҢ КЛИНИКА – БІЗДІҢ ҮЙІМІЗ
9. МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРНІҢ СӘЛЕМДЕСУІ
10. ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ
11. ПАЦИЕНТТЕР ШАҒЫМЫ/ЖОЛДАНЫМ – БІЗДІҢ ӘРЕКЕТІМІЗ
12. ПАЦИЕНТ КҮТКЕННЕН АРТЫҚ НӘТИЖЕ
13. ҰЖЫМДЫҚ АУЫЗБІРЛІК
14. ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
15. ЖАҚЫН ТУЫСТАРМЕН БІРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ
16. КЛИНИКАДАН ТЫС ЕҢБЕК ЕТУ
17. КЕНЕТТЕН БОЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ МӘДЕНИЕТІ
18. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС
19. ЕСЕПТІҢ НАҚТЫЛЫҒЫ
20. КӨПШІЛІКПЕН БАЙЛАНЫС
21. ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРГЕ, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАЛАРЫНА ҚАТЫСУ
22. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЫНТЫМАҚТЫ ІС-ӘРЕКЕТ
23. АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚҰРМЕТТЕУ
24. КОДЕКСТІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПҚА ТАРТУ
25. КОДЕКСКЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ
26. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Здоровый образ жизни и принцип солидарной ответственности человека за свое здоровье - вот что должно стать главным в государственной политике в сфере здравоохранения и повседневной жизни»

Н. А. НАЗАРБАЕВ

НАШ ВЫБОР - ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ!

Руководствуясь принципами гуманизма и милосердия, документами Всемирной Медицинской Ассоциации по этике и законодательству Республики Казахстан в части права гражданина охрану здоровья и медицинскую помощь, декларируя опре-деляющую роль медицинского работника в сис-теме здравоохранения.

Учитывая особый характер взаимоотношении медицинского работника с пациентом и необходимость дополнить механизмы правового регулирования этих отношений нормами медицинской этики, декларируя, что каждый медицинский работник несет моральную ответственность перед медицинским сообществом за свою деятельность, а медицинское сообщество несет ответственность за своих членов перед обществом в целом, принимая аксиомой .

«Все лучшее в медицине – во благо пациента».

МИССИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ:

